

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу шарттары туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы 1996 жылғы 26 қаңтар N 2825. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2004.01.17. N 1284 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығының 11 және 15-баптарына сәйкес Қаулы Етемін:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу шарттары туралы қоса беріліп отырған ереже бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Президентінің	1 9 9 6 ж ы л ғ ы
2 6 қ а ң т а р д а ғ ы	N 2 8 2 5

Жарлығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу шарттары туралы Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін адал орындаған жағдайда олардың еңбегіне ақы төлеу және материалдық ынталандыру шарттарын белгілейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін бірінші деңгейдегі банк ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жүйесін білікті және тәжірибелі кадрлармен жасақтауға және оларға тұрақтандыруға ықпал етуге, олардың адал және бастамашыл еңбегін ынталандыруға, лауазымдық міндеттерін орындауы үшін жеткілікті материалдық жағдайлармен қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сметасында (бюджетінде) көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сметада (бюджетте) көзделгендей толығымен алынбаған кірістері жалақылардың, сыйақылардың, үстемақылар мен қосымша төлемдердің мөлшерін кеміту үшін негіз бола алмайды.

Еңбекке ақы төлеу принциптері

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу құрылымдық бөлімшелер атқаратын қызметтік міндеттерге сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының шешімдері негізінде мерзімдік-сыйақы немесе келісімді сыйақы жүйелері бойынша жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу лауазымдық жалақылардан, жеке жалақылардан, сыйақылардан, дербес үстемақылардан, еңбек сіңірген жылдары үшін ерекше жұмыс режимі үшін үстемақылардан және үстемақылар мен қосымша төлемдердің басқа да түрлерінен тұрады.

3. Төрағаның лауазымдық жалақысын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілейді.

4. Ұлттық Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен лауазымдық жалақылар негізінде белгіленеді. Лауазымдық жалақылардың мөлшері республикалық бюджет бекітілген кезде белгіленген есепті көрсеткіштерге сәйкес реттеліп отырады.

5. Ұлттық Банк қызметкерлеріне ерекше жұмыс режимі үшін лауазымдық жалақыға үстемақылар белгіленеді, оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекітеді.

6. Ұлттық Банк қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін үстемақылар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекітетін тәртіппен лауазымдық жалақының, дербес үстемақы мен ерекше жұмыс режимі үшін үстемақының жиынтық мөлшеріне процент есебімен ай сайын төленеді.

7. Еңбекке ақы төлеу шарттарында қызметкерлерге ай сайын сыйлық беру, жыл қорытындысы бойынша сыйлық беру, сондай-ақ біржолғы сыйлық беру көзделеді. Сыйлықтың мөлшері мен оны берудің принциптерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілейді.

8. Жоғары кәсіби біліктілігі бар және аса маңызды функциялар атқаратын жекелеген қызметкерлерге Ұлттық Банктің Төрағасы жеке лауазымдық жалақылар немесе лауазымдық жалақыларына дербес үстемақылар белгілейді.

9. Ұлттық Банк қызметкерлеріне уақытша болмаған қызметкерлердің міндеттерін атқарғаны, лауазымдарды қоса атқарғаны үшін қосымша төлемдер және еңбек туралы заңдарда көзделген қосымша төлемдер мен төлемдердің басқа да түрлері қолданылады.

10. Ұлттық Банк қызметкерлеріне демалысқа шыққанда сауығуы үшін лауазымдық екі жалақы мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

11. Ұлттық Банк Басқармасы белгілеген лауазымдық жалақылар туралы Президент Әкімшілігінің Басшысына баяндалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК